

**«Жетісу» әуе компаниясы» АҚ-ты сенімгерлік басқаруға беру  
жөніндегі жол картасы**

**Инвестор үшін тәуекелдерді барынша азайтуға, инвестициялық  
тартымдылықты арттыруға және цифрлық жаңғыртуға бағытталған**

**1-кезең. Активті дайындау және құқықтық дайындықты растау  
(аяқталған)**

**Мақсаты:** *Объектінің сенімгерлік басқаруға берілуге дайын екендігін растау.*

- Талдықорған және Үшарал әуежайларының мүлкі мен инфрақұрылымына толық түгендеу жүргізілді.

- «Жетісу» әуе компаниясы» АҚ қызметіне 2025 жыл бойынша қаржылық аудит жүргізілді.

- Талдықорған және Үшарал әуежайларының мүліктік кешендеріне тәуелсіз бағалау жүргізілді.

- Жылжымайтын мүлік объектілері мен мүлікке қатысты құқық белгілейтін құжаттарға тексеру жүргізілді.

- Сенімгерлік басқаруға берілетін активтер мен міндеттемелердің тізбесі қалыптастырылды.

- L410 әуе кемесінің қаржылық лизингі шарты бойынша міндеттемелерді қоса алғанда, ағымдағы қаржылық міндеттемелерге талдау жүргізілді.

**2-кезең. Ұйымдастырушылық және қаржылық тұрақтандыру (1–3 ай)**

**Мақсаты:** *Басқару тиімділігін арттыру және объектіні инвестор тартуға дайындау.*

- Әкімшілік және пайдалану шығындарын оңтайландыру.

- Қаржылық бақылау мен бюджеттеудің ашық жүйесін қалыптастыру.

- Азаматтық авиация талаптарына сәйкес ішкі регламенттер мен өндірістік рәсімдерді өзектендіру.

- Әуежай және авиациялық қызметтің тиімділігін арттыру бағдарламасын әзірлеу.

- Кәсіпорынның шығындылығын кезең-кезеңімен төмендету және өзін-өзі ақтау деңгейін арттыру жоспарын қалыптастыру.

- Кадрлық модель мен персоналдың біліктілігін арттыру бағдарламасын дайындау.

**3-кезең. Цифрландыру және инфрақұрылымды жаңғырту (2–5 ай)**

**Мақсаты:** *Әуежайлардың заманауи цифрлық және технологиялық инфрақұрылымын қалыптастыру.*

- Әуежай қызметін басқарудың цифрлық жүйелерін енгізу.
- Авиациялық қауіпсіздік пен қолжетімділікті бақылау жүйелерін жаңғырту.
- Электрондық құжат айналымын және өндірістік құжаттаманың цифрлық архивін енгізу.
- Жолаушыларға қызмет көрсету және жүк өңдеу процестерін автоматтандыру.
- Жолаушыларға арналған цифрлық сервистерді дамыту:
  - онлайн-хабарландыру;
  - цифрлық навигация;
  - электрондық қызмет көрсету сервистері.
- Объектілерді заманауи бейнебақылау және мониторинг жүйелерімен жабдықтау.
- Талдықорған және Үшарал әуежайлары арасында интеграцияланған IT-инфрақұрылым құру.
- Әуежайларды интеллектуалды басқару жүйелерін одан әрі енгізуге арналған техникалық базаны дайындау.

#### **4-кезең. Объектінің инвестициялық тартымдылығын арттыру (2–3 ай)**

*Мақсаты: Активтің даму әлеуеті мен стратегиялық маңызын көрсету.*

- Талдықорған және Үшарал әуежайларын өңірлік көлік-логистикалық орталықтар ретінде дамыту стратегиясын әзірлеу.
- Жолаушылар және жүк авиатаымалдарын кеңейту тұжырымдамасын дайындау.
- Әуе кемелері мен қозғалтқыштар паркін жаңғырту бағдарламасын қалыптастыру.
  - Даму жобаларын дайындау:
    - жанармай құю кешені;
    - уақытша сақтау қоймалары;
    - жүк авиациясы;
    - санитарлық авиация.
  - Үшарал әуежайына халықаралық мәртебе беру бойынша іс-шараларды пысықтау.
  - Өңірдің инфрақұрылымдық және логистикалық әлеуетін көрсете отырып, инвестициялық меморандум дайындау.

#### **5-кезең. Тендерді дайындау және өткізу (2–4 ай)**

*Мақсаты: Ашық және бәсекелі шарттар негізінде стратегиялық инвестор тарту.*

- Тендерлік құжаттаманы және қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын дайындау.
- Сенімгерлік басқарудың міндетті инвестициялық шарттарын айқындау.
- Әлеуетті инвесторлар мен авиациялық операторларға объектінің таныстырылымдарын ұйымдастыру.

- Қатысушыларды келесі критерийлер бойынша біліктілік іріктеуінен өткізу:

- авиациялық активтерді басқару тәжірибесінің болуы;
- қаржылық ресурстардың болуы;
- азаматтық авиация саласындағы рұқсат құжаттарының болуы.
- Объектіні сенімгерлік басқаруға беру бойынша ашық тендер өткізу.
- Инвестициялық және әлеуметтік міндеттемелерді бекіте отырып, сенімгерлік басқару шартын жасасу.

## **6-кезең. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру және орындалуын бақылау (тұрақты)**

*Мақсаты: Инвестициялық міндеттемелердің тиімді орындалуын қамтамасыз ету.*

- Сенімгерлік басқарушының инвестициялық міндеттемелерінің орындалуын бақылау.
- Инфрақұрылым мен цифрлық жүйелерді жаңғырту барысына мониторинг жүргізу.
- Жұмыс орындарының сақталуын және қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін бақылау.
- Тиімділік көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу:
- жолаушылар ағынының өсуі;
- рейстер санының артуы;
- жүк тасымалдарының дамуы;
- бюджеттік қаржыландыруға тәуелділіктің төмендеуі.
- Сенімгерлік басқару тиімділігіне жыл сайын аудит жүргізу.
- Активті одан әрі дамыту және кейіннен жекешелендіру мүмкіндігі бойынша ұсыныстар дайындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы №894 «Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, «Жетісу» әуе компаниясы» АҚ 2026 жылы бәсекелестік ортаға беруге ұсынылатын коммуналдық мүлік ұйымдарының тізбесіне енгізілген.